

Қанат Г.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: melody622@mail.ru

**СУ БЕЙХАЙДЫҢ «ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ»
КІТАБЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРМАСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ СТИЛИСТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ**

Берілген мақалада «Қазақ мәдениетінің тарихы» кітабының қазақ тіліне аудармасындағы лексикалық және стилистикалық сәйкестіктердің жалпы сипаттамасы талданған. Сондай-ақ аударма барысында аудармашы сәйкестіктер түрін қолдануда немесе баламасыз бірліктерді аударуда қойылатын талаптар мен түйінді мәселелер көрсетілген.

Түйін сөздер: аударма, түпнұсқа, мәтін, сәйкестік, дыбыстық аударма, мәнмәтін, термин.

Kanat G.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: melody622@mail.ru,

**General characteristics of the lexical and stylistic translation matches the
Kazakh language of the book “History of the Kazakh culture” Su Baihay**

The article analyzes and compares the methods of translation of realities in the book Su-Beihay “History of Kazakh Culture” from Chinese into Kazakh. And also in the article problems and methods of translation, the problem of finding translation correspondences, namely lexical and stylistic correspondences, difficulties in translating an artistic text into unrelated languages are considered.

Key words: translation, text, compliance, context, transliteration ,term.

Канат Г.

магистрант 2 курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан,
г. Алматы, e-mail: melody622@mail.ru

**Общая характеристика лексических и стилистических соответствий перевода
на казахский язык книги «История казахской культуры» Су Бейхая**

В статье дается анализ и сравнение методов перевода реалий в книге Су Бихая «История казахской культуры» с китайского на казахский язык. А также в статье рассматриваются проблемы и методы перевода, проблема нахождения переводческих соответствий, а именно лексических и стилистических соответствий, трудности перевода художественного текста на неродственные языки.

Ключевые слова: перевод, оригинал, текст, соответствие, транслитерация, контекст, термин.

Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түп тамыры өте тереңде жатыр. Қазақ мәдениетінің қалыптасып дамыған аймағы осы ұлттың бүгінгі мекені, соның төңірегі. Оның дәлелі – археологиялық, палеоэтнографиялық деректер. Біздің жерімізде мекендеген андронов тайпаларының қыш-құмыраларындағы ою-өрнектер кейінгі қазақтың бау, басқұрларындағы нақыштарға ұқсайды (Жақыпов, 2008: 12). Андронов-

тықтардың тастан салған үйлері, шаруашылық құрылыстары, құдықтары кейінгі қазақтың осындай құрылыстарында көрініс тапқан. Одан бергі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының да мәдениеттерінің қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуына әсері аз болмаған. Ерте ортағасырларда бүгінгі Қазақстан жерін және көрші аймақтарды мекендеген таза түркілік этностар және мемлекеттер тұсында бүгінгі қазақ халқы дәстүрлі мәдениетінің, тілінің негізі қалыптасты.

Қазақ мәдениетін, этнографиясын және ауыз әдебиетін зерттеп, құнды еңбек жазған қытай тарихшысы, этнограф – Су Бейхай. «Қазақ мәдениетінің тарихы» сынды көлемді зерттеу жұмысында қазақ халқының туыстық атаулардың түрлері, салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, ұлттық рәсімдерді өткізудің жөн-жосықтары туралы талдаулары, ой-пікірлері ұлт мәдениетінің жағымды жақтарын ерекше ашып көрсеткен.

Су Бейхайдың «Қазақтың мәдениет тарихы» атты монографиясы Қытай еліндегі қазақ мәдениетіне қатысты жазылған тұңғыш монография, онда қазақ ұлтының мәдениеті егжей-тегжейлі зерттеліп жазылған.

Қазақ ежелден мал шаруашылығымен шұғылданған, көп мемлекеттің территориясында өмір сүрген. Қазақ ұлтының бір бөлімі Қытайдың батыс солтүстігін мекен етіп, сонау байырғы сақ дәуірінен бастап өмір сүріп келеді. Қазақ ұлты ертеден бастап қағаз бетінде тарихи деректер қалдырған ел есептеледі. Су Бейхайдың бұл кітабы қазақ ұлтының философия ғылым-техника, медицина, діни сенім, әдебиеті, музыкасы, би өнері, ою салу өнері т.б жақтағы жетістіктер мен тапқырлықтарын және Қытай халқы арасындағы достығын жақсы баяндап жазған. Монографияда қазақ ұлтының мәдениетіне қатысты фотосуреттер берілген. Бұл монографияның төмендегідей тарихи маңызы бар:

Біріншіден, бұл монография қазақ ұлтының тарихын және салт-дәстүрін түсінгісі келетін адамдарға ең негізгі материал бола алады;

Екіншіден, басқа ұлт адамдарының қазақтың мәдениетін түсінуіне ғылыми негіз болады;

Үшіншіден, аталмыш монография қытай елінде, тіпті бүкіл дүние жүзіндегі ғалымдардың қазақтың мәдениетін зерттеулеріне негіз болады;

Төртіншіден, басқа да көшпелі халықтар мәдениетімен салыстырып зерттеуге пайдалануына болады;

Бесіншіден, бұл монография арқылы көшпенділер мәдениетіне деген танымды тереңдетуге болады.

Қортындылап айтқанда, «Қазақтың мәдениет тарихы» атты монография қазақ халқының мәдениет тарихын зерттеу деңгейін биіктеткен еңбек болып табылады. Өйткені Су Бейхай бұл монографияны жазуда елу жыл бойы ізденген. Ол Тянь-Шань тауы, Алтай тауы, Сауыр тауы, Тарбағатай тауы, Бабуық тауы, Алатау сияқты қазақтар өмір сүрген даланы кезіп, зерттеу жүргізген. Әсіресе, оның қазақтың этномәдениетін терең зерттеулері еңбектің ғылыми деңгейін кө-

теретіні анық. Бұл да басқа ұлт зерттеушілерінен ерекшелігі болып табылады.

Су Бейхайдың еңбектерінің ішінде: «Хан дәуіріндегі үйсін туралы жазбалар» «Шыңжаңның солтүстік жолындағы торғауыт моңғұлдарының қоғамдық тарихын зерттеу», «Батыс өңірдің тарихи географиясы», «Қазақ ұлтының мәдениет тарихы», «Шыңжаңдағы жартас суреттері», «Жібек жолының бойындағы күшән туралы зерттеулер» қатарлы монографиялары мен зерттеу мақалалары бар (Алдашева, 2008: 21).

«Қазақ мәдениетінің тарихы» атты кітап 1989 жылы қытай тілінде баспадан шыққан соң, біраз жылдар бойы аударылмай келген. Ата жұртқа оралған жазушы Тұрсынқан Зәкенұлы бұл еңбекті қазақ тіліне аударып, кітап 2001 жылы Алматы қаласында басылып шығады.

«Қазақ мәдениетінің тарихы» атты кітапты 2005 жылы Қытайдың Үрімші қаласында Асқар Молдашұлы және Құсыман Қасымұлы қатарлы аудармашылар қайта аударып, баспадан шығарады.

Аударма ілімінің негізін салушы ең басты категориялардың бірі – стилистикалық, лексикалық аспектілерге қатысты аудару тәсілдері және түрлері қос тілдегі сәйкестіктерге тікелей қатысты болып табылады. Бір тілден екінші тілге аударма жасау барысында сөз қосу, сөз түсіру, толықтыру, қысқартылған аударма, орын ауыстыру, сипаттау арқылы аудару, тұтастай өзгерту сияқты трансформациялар, түптеп келгенде, тәржімә жасалатын тілден сәйкес келетін баламалар табуға байланысты. Табылғаннан кейін, қолданылатын сәйкестіктер аударманың нәтижесін, екінші тілде алынған мәтінді еркін аударма, жуықтатылған аударма, бара-бар аударма, сөзбе-сөз аударма, икемделген аударма және басқа да атаулармен бағалауға толық мүмкіндік береді.

Аударма адам әрекетінің арнайы бір түрі және жемісі болғандықтан, ол ғылыми-терминологиялық анықтауды қажет етеді. Аудармашылардың өздері де «көркем аударма» ұғымына нақты анықтама беруге қиналады. Кейбір аудармашылар «аударма-түпнұсқаға негізделіп, түпнұсқаның басқа тілдегі көшірмесі» болу керек деген ой-пікір айтады. Басқаша айтқанда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес болу керек. Бұл арада «сәйкестік» деген ұғымға тоқталу керек деп ойлаймыз. Егер бір шығарма екі түрлі тілде, екі түрлі мәдени-тарихи жағдайда өмір сүрсе, онда «сәйкестік» тек шартты түрде ғана болмақ.

Отандық ғалым А. Алдашева: «Сәйкестік – түпнұсқа мәтіннің тілдік бірліктеріне ауда-

рылатын тілден таңдалынатын варианттардың бірі», – дей келе, сәйкестіктің табиғатына мынадай анықтама береді: «Ол толық сәйкестік болуы мүмкін, бұл, әдетте, түпнұсқадағы сөзге, сөз тіркесіне екінші тілдің арнаулы сөздіктерінде берілген бастапқы мағынадағы сөз дегенді білдіреді. Екі тілдегі тілдік бірліктер мағынасы, функционалды қолданысы жағынан толық дәрежеде тұспа-тұс келеді. Мұндай тілдік бірліктер контексте тәуелді болмайды, жеке, контекстен тыс тұрғанда да мағыналары тұспа-тұс келеді (Су Бейхай, 2001: 29).

Аударма сәйкестігін сипаттауда екі тілдегі бір деңгейдің (лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық) бірліктері сәйкес келеді. Алайда сөйленімдер тілдің әртүрлі деңгейлерінің негізінде құрылатындықтан, аударма процесінде де түпнұсқаның белгілі бір бірлігі аудармада қандай құралдармен берілетіндігін алдын ала анықтау өте қиын.

Осы мәселені нақты зерттеу мақсатында біз Қазақстанда аударылған нұсқаның ішіндегі ішінара тарауларға байланысты аудармашының түсініктемесін бұл арада толықтай бере кетуді жөн көрдік: – «Автор бұл кітабында қазақ мәдениетінің тарихи қалыптасуы мен дамуын қытай оқырмандарына жеткізуді мақсат тұтқандықтан мұндағы кей мазмұндардың қазақ оқырмандары үшін жаңалық сезілмеуі де мүмкін еді. Сондықтан кітапты аудару барысында ішінара мазмұндарды қысқартуға тура келді. Мысалы: *Төртінші* тараудың «Алтай, Енисей алқабындағы Тажар, Майми, Пазырық мәдениеті және оның сақ мәдениетімен және ішкі қытай мәдениетімен байланысы» атты екінші тараушасы бұрынғы Кеңес Одағы ғылымдары тарапынан көп зерттелген тақырып болғандықтан және автордың мұны қытай оқырмандарына таныстыруды ғана мақсат тұтып, өзіндік жаңаша пікірлер ұсынбағаны үшін қысқартылды.

Алтыншы тараудың «Діни нанымдар» атты екінші параграфының «Будда діні» екінші тараушасы бұдан бұрынғы алтыншы тараудың төртінші параграфында арнаулы сөз болғандығы және оның бүгінгі қазақ ұлты үшін әлеуметтік маңызының шамалы екендігі ескеріле отырып қысқартылды.

Алтыншы тараудың төртінші тараушасындағы әл-Фарабидың тегі, туған ортасы туралы пікірлері аударылып, оның еңбектері мен музыкалық шығармалары туралы таныстырулары шамалы қысқартылды.

«Монғол үстемдігі дәуіріндегі қазақтардың қытай мәдениетіне қосқан үлесі» атты *оныншы*

тараудағы тарихи тұлғаларға байланысты көптеген түсініктер беріп аударуға тисті әрі алса да, алмаса да болатын кей мазмұндар шамалы қысқартылып, сол тарихи тұлғаларды анықтайтын ең негізгі, түйінді мазмұндар іріктеліп алынды. Сондай-ақ тұтас кітаптың өн-бойында ой қайталаған сөйлемдер мүмкіндігінше қысқартылып алынды», – дейді аудармашы Тұрсынқан Зәкенұлы (Өуезов, 1957: 89).

Ал Шынжаңда бұл кітапты тұтас аударып баспадан шығарған. Шетел қазақтары мен Қазақстандағы әдеби тілдің қолдану аясының өзіндік ерекшеліктері, айшықтары бар. Мұның өзіндік себептері жоқ емес. Шетелдегі яки осы кітаптың түпнұсқасы басылып шыққан Қытайдың Шынжаң өлкесінде тұратын қазақтардың қытай атау-терминдерін аудару жағында өзіндік қалыптастырған жолдары, әдіс тәсілдерін қолданады.

1. Шынжаңдағы қазақ аударма мекемелері қытай тіліндегі атау терминдер, жер аттары, адам аттарын, әрине, дер кезінде қазақ тіліне аударып, жаңадан атау термин жасап, заманға бағыттап отырады. Әрі қытай тіліндегі терминді өзгертпестен, дыбыстық аударма ғана жасаған атау-терминдер де жеткілікті.

2. Қытайдағы қазақтар ұзақ уақыт бойы дербес өмір сүріп келе жатқан өзіндік баспасөзі, әдеби романдары, көркем шығармаларының стильдері секілді мәселелерді арнайы әрі жан-жақты қарастыруымыз керек. Мұнда көркем шығармалардағы сөйлем құрау стилінен бөлек, өзге тілдегі ғылыми-монографияларды қазақ тіліне аудару да өзіндік сөйлем құрау ерекшелігіне ие екендігін айта кеткен жөн.

Төте жазудағы Шынжаң нұсқасы 850 бет көлеміндегі қомақты аударма. Шынжаңда басылып шыққан бұл кітаптың аудармасы және қазақстандық басылымның ішінара тараулардың аударылмауы екі аударманы салыстыруға бөгет болмайды деп білеміз.

Мұнда Т. Зәкенұлы аудармасындағы қысқартылған 4-тараудың екінші тараушасы Енисей бойы мен Алтай өңіріндегі тәгәр-манним (мәйем), пазырық мәдениетінің сақ және орта жазық мәдениетімен қатынасы толықтай аударылған. Мұндағы тәгәр мәдениеті деп отырғаны б.з.д. 2000 жылдың соңындағы қарасук мәдениетінің ескі жұрты меңзеледі. Тәгәрдің бастапқы дәуірінде қола құрал-жабдық, қару-жарақ, әшекейлік бұйым өндірісінде олардың пішіні, өлшемі, өрнектелуі өлшемдендіріліп, құю әдісі жақсартыла түсті. Бұл қола құю кәсібінің едәуір дәрежеде арнаулы кәсіпке

айналғандығын, кім көрінгеннің қолынан келе бермейтіндігін түсіндіреді. Сондықтан көптеген үңгір қазынасына және ұсталық өнімдерге қойма қажеті артты.

Алтай маним (мәйем)-пазырық мәдениеті қарасук дәуірінен кейін тұрады. Қарасук дәуірінен кейін Алтайдағы ұлыстардың мәдениетінің дамуы көптеген жақтардан тәгәр ұлыстарының ахуалына ұқсайды, нарн өзенінің басындағы маним сахарасынан, Бұқтырма өзенінің аяғындағы солонеч-берк маңынан, Черновая қыстағы маңынан алынған қазбалардың нәтижелері бұл араларда Алтайдың біршама соңғы дәуірдегі әйгілі тас обаларынан (қорымдарынан) бөлек, тас бен балшықтан жиналған обалар да болғаны сипатталады. Ғалым пазырық мәдениетіне қатысты тараушасында сол заманға тән молаларға көмілген түрлі бұйымдардың стиліне талдау жасап, оның басқа қай өңірдегі ежелгі жұрттардан табылған заттарымен ұқсайтындығына тоқталады.

Және де Т. Зәкен аудармасындағы қысқартылған 7-тараудың 2-параграфының «Будда діні» атты екінші тараушасы мұнда толықтай аударылған. Қысқаша мазмұнын баяндайтын болсақ, қазақ ұлтының қаңлы ұлысы хан патшалығы дәуірінен бастап будда дініне сенді, уи, жин, оңтүстік, солтүстік патшалықтарынан сүй, таң патшалықтарына дейінгі үрдісті бастан кешіру арқылы онан ары дамыды. Ал түркілер әуелде будда дініне сенбегенімен, бірақ сүй патшалығының соңы, таң патшалығының бастапқы кезіне келгенде шығыс түркі өңіріндегілер будда дініне сенді делінеді де, жазба деректерден дәлел келтіріледі. Батыс түркі өңірінде шығыс хан патшалығы кезінен бастап қаңлылар будда дініне сенгенімен, барлығына

ортақ бола қоймады, VI ғасырда түркілер күшейіп, гүлденгеннен кейін барып будда діні дами түсті. Батыс түркі үстемдік жүргізушілері будда дініне сенгендігі себепті, батыс түркі үстемдігіндегі қазақ ұлтының ұлыстары бұрынғы қаңлы тайпасының будда дініне сенуі негізінде әр ұлыс халқы арасындағы көптеген адамдар будда дініне сене бастады. Таң патшалығының батыс түркіні орнықтыруына және таң патшалығы үкіметінің батыс өңірде будда дінін барынша үгіттеуіне байланысты, Тянь-Шань тауының түстігі мен терістігіндегі әр ұлт халқының будда діні турасындағы сенімінде жаңа дамулар жарыққа шықты. Сонымен батыс өңірдің бірсыпыра ғұлама сопылары ішкі өлкелерге барады. Қазақ ұлтының ұлыстарынан да бірсыпыра ғұлама сопылар шыққан, қаңлы руынан шыққан Фазаңәне – солардың атақтыларының бірі. Ал *алтыншы* тараудың 4 параграфындағы Фарабидың тегі, туған ортасы туралы және «Монғол үстемдігі дәуіріндегі қазақтардың қытай мәдениетіне қосқан үлесі» атты *оныншы* тараудағы тарихи тұлғаларға байланысты көптеген қысқартылған жерлері Шыңжаң нұсқасында тұтастай аударылған.

Қорыта келе, салғастырмалы әдіс – аудармашылық зерттеудің негізгі әдісі. Ендеше осы негізгі әдісті өзек ете отырып, бір кітаптың екі түрлі үлгісін салғастыра отырып талдауға әбден болады. Бұл арада ескере кететін бір мәселе, жоғарыда айтқанымыздай, бұл екі түрлі аударма шекара аттаған бір ұлттың екі түрлі жазудағы жасап отырған аудармасы. Сондықтан осы бір кітаптың екі түрлі жазудағы (төте, кирилше), екі түрлі стильдегі аудармасына салғастырмалы зерттеу жүргізу арқылы, өзімізге бейтаныс көптеген мәселелердің бетін ашуға болады деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Жақыпов Ж. Аударма процесіндегі трансформалау әдісі// Аударматану. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. –12 б.
- 2 Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы//Аударматану. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 21 б.
- 3 Бейхай С. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: «Атажұрт» баспасы, 2001. – 29 б.
- 4 Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері// Көркем аударманың мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957. – 89 б.

References

- 1 Zhakypov Zh. Audarma proccindegi tranformalau adisi// Audarmatanu. –Almaty: «Til» oku adistemelik ortalege, 2008. –12 b.
- 2 Aldasheva A Audarmatanu gelemenen basty ugem tusinsikteri turaly, 2008. – 21s.
- 3 Beihai S. Qazaq madenieti tarihy, -Almaty: «Atazhurt» baspasy, 2001. –29 s.
- 4 Auezov M. Korkem audarmanen keibir teorialek maseleleri// Korkem audarmanen keibir maseleleri. Makalalar jinagy. -Almaty: Qazaq korkem adebiet baspasy, 1957. –89 s.